

Сәбит Мұқанов пен Ғабит Мүсіреповтың мемлекеттік әдеби-мемориалдық мұражай кешені туралы

Қазақстан Республикасы Үкіметінің Қаулысы 1999 жылғы 8 ақпан N 104

Әдеби мұражайлардың қаржылық және материалдық-техникалық базасын нығайту, олардың ғылыми-зерттеу және ғылыми-ағарту жұмысы саласындағы қызметін жақсарту мақсатында Қазақстан Республикасының Үкіметі қаулы етеді:

1. Сәбит Мұқановтың республикалық әдеби-мемориалдық мұражай-үйінің аты Сәбит Мұқанов пен Ғабит Мүсіреповтың мемлекеттік әдеби-мемориалдық мұражай кешені болып өзгертілсін.

2. Қазақстан Республикасының Орталық мемлекеттік мұражайының Ғабит Мүсірепов бөлімінің мұражай қоры Сәбит Мұқанов пен Ғабит Мүсіреповтың мемлекеттік әдеби-мемориалдық мұражай кешенінен берілсін.

3. Қазақстан Республикасының Мәдениет, ақпарат және қоғамдық келісім министрілігі:

1) жоғарыда аталған мұражай кешенінің жарғысын бекіту және мемлекеттік тіркелуі жөніндегі қажетті шараларды белгіленген тәртіппен жүргізісін;

2) аталған мұражай қорын тарихи-мәдени құндылықтарды сақтау жөніндегі

мемлекеттік тапсырыс шеңберінде республикалық бюджеттен қаржыландыруды жүзеге асырсын.

4. Мыналардың күші жойылған деп танылсын:

1) Қазақ ССР Министрлер Советінің 1975 жылғы 6 қазандағы N 740 өкімі;

2) "Социалистік Еңбек Ері, Қазақ ССР Ғылым академиясының академигі, Қазақ ССР халық жазушысы Ғ.М.Мүсіреповті мәңгі есте қалдыру туралы" Қазақ ССР Министрлер Советінің 1986 жылғы 11 шілдедегі N 270 қаулысының 3-тармағы (Қазақ ССР ҚЖ, 1986, N 17, 58-құжат).

5. Осы қаулы қол қойылған күнінен бастап күшіне енеді.

Қазақстан Республикасының
Премьер-Министрі

Оқығандар:

Қобдалиева Н.

Икебаева А.

© 2012. Қазақстан Республикасы Әділет министрлігінің «Қазақстан Республикасының Заңнама және құқықтық ақпарат институты» ШЖҚ РМК